



• ДЕНСАУЛЫҚ

«Жәрдем»

ПОЙЫЗЫ

ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

«Жәрдем» мамандандырылған медициналық пойызы 20 сәуірде жолға шығады. Медициналық пойыз 140 станцияға барады деп жоспарланған. Онда 92 мыңнан астам адамның денсаулығы тексеріліп, емделетін болады.

Денсаулық сақтау министрлігі мен «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру шеңберінде шалғайдағы ауыл тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту үшін көлік медицинасы ұйымдастырылды. Медициналық пойыз ауыл тұрғындарына медициналық зерттеулердің, диагностикалық қызметтердің, арнайы мамандар кеңесінің кең ауқымына қол жеткізуге мүмкіндік береді және емдеуге жатқызуға жолдама ала алады, – деп атап өтті Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

Алдын ала биыл профилактикалық қарап-тексерулерді, скринингтік зерттеулерді, дәрілік заттармен қамтамасыз етуді, бейінді мамандардың кеңестерін, зертханалық-диагностикалық қызметтерді, ЭКГ, УДЗ, флюорографияны қоса алғанда, 1 миллион медициналық қызмет көрсету жоспарлануда.

Медициналық пойыз Қарағанды облысына жоспар бойынша 21 қыркүйек пен 4 қазан аралығында болады. Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы 11 станцияға барады деп жоспарланған.

Өз тілшімізден

Сананы сергіткен сенбілік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бастау алған «Таза Қазақстан» экоақпараттық науқанының «Таза өлке» апталығы қарағандылықтар ойдағыдай түйінделді. Өткен сенбідегі республикалық сенбілікке барлық ұйым, бірлестік, мекеме ұжымымен, әр көшедегілер көршілерімен бірге шығып, қап-қап қоқыс жинады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласына барып, 7-ші шағын ауданның 12-ші үйінің тұрғындарымен бірге ауланы тазартты.

Қасымхан БУРКИТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Металлургтер қаласындағы белсенділік

Байқасаңыздар, аймақ басшысы су тасқынының қаупі сейілген соң, тазалық жұмыстарына баса назар аударып отыр. Әр аптаның басында аулаларды ескертусіз жаяу аралап, тазалығын тексеріп жүр. Мұндай бағыттағы жұмысты әрмен қарай жалғастыруда.

Республикалық сенбілік өтетін күні Теміртауға келдік. Алдағы күндері Саран, Шахтинск, Абайға барамын. Облыстың барлық қалалары мен аудандарына барамыз. Тазалық жұмыстарын қатты қадағалап отырмыз. Өйткені, тазалық – мәдениетіміздің бір өлшемі. Өз өлкемізді таза ұстасақ, азаматтық үлесімізді қосқанымыз. Сенбілікке шығып, ауласын тазалап жатқан үйлердің тұрғындарына алғыс айтқым келеді. Мұндағы алаңның тазалығы ерекше ұнады. Теміртау қаласының әкіміне бұл жерді абаттандыруды тапсырдым, – дейді облыс әкімі.

12-ші үйдің тұрғыны Елена Ардабаева өздерінің демалыс аумағы алдағы күндері абаттандырылады дегенді естіп, ерекше қуанып қалды.

Біз бұл аймағымызды барынша таза ұстаймыз. Өйткені, балаларымыз осында ойнап, үлкендеріміз серуендейді. Біз тек, бұл акция кезінде ғана емес, қар қалай еріді, солай әр сенбі күні құрал-жабдығымызбен аулаға шығып,



тазартамыз. Мұндай игі іске көршілерімізбен жұмыла кетеміз. Енді, абаттандырылса, тіпті аялап ұстаймыз. Біз әрқашан сенбілікке қатысамыз. Көршілеріміз өте белсенді, – дейді Елена Ардабаева.

Аймақ басшысы Ермағанбет Қабулаулы металлургтер шаһарының басқа да көшелерін аралап, сенбілікке белсене қатысып жүр-

ген жұртшылыққа ризашылығын білдірді. Аулаларды, жолдар мен тротуарларды, саябақтар мен гүлзарларды тазалау жұмыстарына оң бағасын берді. «Таза Қазақстан» науқаны басталғалы бері қоқыс полигонына 1557 тонна қоқыс шығарылған.

Қала жұрты жадырап жүріп жаппай сенбілікке қатысты деуге

болады. Бір-бірімен әңгіме жарастыра жүріп, біраз шаруа бітірген мұндағы ел-жұрт бұл күннің мереке секілді салтанат құрғанын айтады.



тен қалыс қалмады. «Теміржолшылар» мәдениет сарайы, «Жаңа Майкұдық» пен «Молодежный» мәдениет үйінің қызметкерлері таңмен таласа қаланы қоқыстан тазартуға шықты.

Үш іргелі ұжымның қызметкерлері өздеріне бөлінген аумақты қоқыстан тазартып, арнайы қаптарға салып, жинап, бекітілген жүк көліктеріне тиеді. Мәдениет қызметкерлерінің де ұқыпты әрі қоғамдық жұмысқа мығым екендігін көрсетті.

Біз бір үйдің баласындай сенбілікке уақытылы жиналдык. GrandStore сауда үйінен Ғарышкерлер көшесін бойлап, Штурманское көшесінің қиылысына дейінгі аумақты тазаладық. Әріптестер белсенділік танытты. Қаламыз таза болса, жайнап, құлпырып тұрса, шығармашылықты дамытады. Мәдениеттің де бір атын тазалық деп білеміз, – дейді «Жаңа Майкұдық» мәдениет үйі директорының орынбасары Амангелді Ахметжанов.

Тазалық сақтау да – тәртіп

Заң саласын оқып жүргендер осы ұстанымда. Және сенбідегі тазалық шаруасынан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қарасты Бәрімбаев Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы да шет қалмады. Сенбілікке 200-ге жуық академияның ұстаздары мен курсанттары қатысты.

► 2-бет

• ӘДЕП КЕҢЕСİNДЕ

Жауапкершіліктен жалтарғандар жазаланады

Жыныда осы жылдың бірінші тоқсанындағы тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың нақты саны 201 болса, оның 141-і жергілікті атқарушы орандар өкілдері екендігі мәлім болды. Қызметтік этиканы бұзғандар – 7 адам. Өткен кезеңдермен салыстырғанда тәртіп бұзғандардың көрсеткіші едәуір артқан. Өсім – 11%. Есесіне, бір атап өтерілігі, осы жылы мемлекеттік қызметкердің бірде-бірі шенеунік мемлекеттік қызметкер абыройына кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жазаға үшін жауапкершілікке тартылмаған. Салалық департамент өкілдері түрлі мемлекеттік ұйымдардан келген есептер легін саралай отырып, осындай қорытынды жасады.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мамандар дәйектеріне сүйенсек, қызметшілердің жауапкершілігін қарауды рәсімдік бұзу фактілері жиілепті. Егер қызметкер жауапкершілігін қарау кезінде процедуралық бұзушылықтар фактілері көптеп анықталса, бұл қызметкер үшін де, тәртіптік комиссияның өзі үшін де, жалпы ұйым үшін де сын туғызады. Мұндай сипаттама белгіленген үдерістер легін себепті-себепсіз елемесуі, оларды қорғау құқықтарын сақтамауды және тиісті тергеуді, сондай-ақ, негізсіз шешім қабылдауға апарып соқтыруы кәдік.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ербол Жолданғар аталған бағытта профилактика шараларын күшейту қажеттігіне баса мән берді.

Біз өз тарапымыздан тиісті ұсынымға сәйкесінше шара қолданамыз, – деп мәлімдеді Теміртау қаласы әкімі аппаратының басшысы Рауан Таран.

Уәкілетті тұлға, иә, болмаса, кадр қызметкері жазаға тарту үдерісін өрескел бұзу арқылы осындай жағымсыз жайттарға жолығып жатады. Көбіне бұл талдау барысында анықталады. Нақты жүйе бұзылған соң әдетте жауапкершілікке тартылған тұлға жауапкершіліктен жалтарып кететін фактілер көбеюде. Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы алдағы уақытта мұндай істер қатарын «Жауапкершіліктен жалтару» ретінде қарастыратын боламыз, «Мұндай іске мұқият болыңыздар!» деп ескертті.

Иә, технология қарқынды дамып, әлеуметтік-мәдени нормалар үнемі өзгеріп отыратын қазіргі қым-қуыт әлемде этикалық дилеммалар теңізінде жүзуге көмектесетін құралдар мен механизмдердің болуы әбден маңызды. Осындай тетіктің бірі – әдеп жөніндегі уәкілдердің қалтқысыз қызметі. Әдеп кеңесінің негізгі міндеттеріне этика мәселелері бойынша керек кеңес пен ұсыныс беру кіреді. Бұл қабылданған шешімдердегі нормалық аспектілерді бағалауды, саралауды, мінез-құлық нұсқаулықтарын әзірлеуді, мұнымен бірге, этикалық мінез-құлықтың маңыздылығы туралы стейкхолдерлерді оқытуды және хабарлар етуді қамтуы мүмкін.


Әдеп жөніндегі кеңесінің мүшелері бір ауыздан қалыптасқан жағдай бойынша жекелеген жайттарды мұқият саралап, түсіндірме жұмыстарын арттыру қажеттігіне назар аударды. Бағдары айқын, қызметі елеулі институт халықтың сенімін ақтауға бар күшін жұмылдыра бермек десті олар. Себебі, бұл орган жазалаушы емес, кез келген келенсіздіктің алдын алуға мүдделі.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Газ таратуда кедергі болмайды

Теміртау қаласында газ тарату қондырғыларын жөндеу жұмысы басталды. Қалада 19 көкқабатты тұрғын үйді газбен қамтамасыз ететін төрт газгольдерді ауыстыру жоспарланып отыр.



Теміртауда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің балансында барлығы 17 газ тарату қондырғысынан 11 газ тарату резервуары бар. Биыл оның төртеуін жөндеуге қаражат бөлінді. Бұл – қаланың орталық бөлігінің газ тұтынушыларын көгілдір отынмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ететін жоба. Олар бұған дейін күрделі жөндеу көрмеген. Газ тарату желілері де тозған.

Жөндеу жұмыстарына кірістік. Республика даңғылы, №10, №59 үй, Абай көшесі, №51 үй және Металлургтер даңғылы, 16 үйде газгольдер ауыстырылады. Алдымен, жаңа құбырлар орнатамыз, кейін жаңа газ ұстағыш орнатылады. Содан кейін ғана тұрғындар ұяға уақыт газсыз қалмас үшін жүйені қайта қосамыз, – деді BN-Project мердігерлік компаниясының учаске брига-

дирі Ергали Тәжидин. Жоба бойынша мердігерлер резервуарларды ауыстырып қана қоймай, үйлерге жаңа газ тарату желілерін тартып, қондырғы аумағын абаттандырмақ. Қазір қажетті құжаттары ресімделіп, ескі жабдықтар бөлшектеліп жатыр. Бригадалар жаңа құбырларды дәнекерлеу және төсеу бойынша жұмыс істеуде.

Бұдан бөлек, 8 сәуірде Теміртауда Абай көшесіндегі №1 жылу магистралінің учаскесін күрделі жөндеу басталады. Онда екі шақырымнан астам құбырды ауыстыру жоспарланған.

Қазір негізгі материалдар жеткізілуде, құбырларды төсеу үшін арық қазу жұмыстары басталып та кеткен.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5827,65 тг	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5891,70 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3079,65 тг	Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3083,70 тг

Қарағанды қ.,
Ермеков к.,
№ 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89
Сағыншы – 8-702-638-56-85; Нұрсұлтан – 8-705-902-04-05;
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Көктемгі егіс мерзімінен кешікпейді

Көктемгі дала жұмыстарына дайындық жұмыстарының барысы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен аппарат жиынында талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселеге кіріспес бұрын аймақ басшысы Ақтоғай, Шет, Нұра аудандары мен Балқаш қаласының Саят кентіндегі су деңгейі жайлы сұрап шықты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әртараптандыру әлеуетті арттырады

Көктемгі дала жұмыстарының жайын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин баяндады. Оның айтуынша, биылғы жылғы көктемгі егіс алқабы 1 млн. 100,0 мың гектарды құрайды.

– Биылғы көлем өткен жылмен салыстырғанда 37,6 мың гектарға артық. Дәнді дақылдар 966,3 мың гектар алқапқа себіледі. Бұл ретте бидай алқабы 8,0 мың гектарға азайып, 810,9 мың гектарды, арпа 12,7 мың гектарға азайып 148,3 мың гектарды құрайды. Сұлы – 7,1 мың гектарға, дәнді бұршақ дақылдары 13,0 мың гектарға себіледі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында қамтылған тапсырмасына және Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімімен егін шаруашылығын әртараптандыру жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес, майлы дақылдар алқабы 31,0 мың гектарды құрайды. Бұл былтырғы жылғы көрсеткіштен 1,4 мың гектарға артық. Сонымен қатар, азықтық дақылдар алқабы 57,3 мың гектарға ұлғайтылып, 77 мың гектарға жеткізіледі, – деді басқарма басшысы.

Бұдан басқа 11,5 мың гектарға картоп, 1,2 мың гектар алқапқа көкөніс егіледі деген жоспар бар. Басқарма басшысының айтуынша, ылғалды жабу, топырақты себуге дайындау сияқты егу алдындағы жұмыстар ауа райы жағдайына байланысты сәуір айының соңында немесе мамыр айының басында басталады.

– Қарағанды ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының ұсынысына сәйкес, егіс жұмыстары аймақ ерекшеліктеріне байланысты 10-28 мамыр аралығында жүргізілетін болады, – деді Саят Мусин.

Сапалы тұқым – нәтижелі еңбек кепілі

Ауыл шаруашылығы дақылдары түсімінің артуы тұқым сапасымен тығыз байланысты. Дерек бойынша, көктемгі егіске 105,3 мың тонна дәнді дақыл және 36,0 мың тонна картоп тұқымы бар. Қажетті көлеммен қамтамасыз ету мақсатында, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тұқым материалдарын еліміздің басқа өңірлері мен шет елдерден сатып алуға. Қазіргі таңда 20 ша-

руашылық 1065 тонна элиталық бидай тұқымын Ресейден әкелді. Тұқымды жанарту үшін тұқым шаруашылықтарында 7,1 мың тонна жоғары өнімді дәнді дақылдар бар. Оның 1,5 мың тоннасы – элиталық, бірінші репродукциялы – 6305 тонна. Бұдан бөлек, 4,4 мың тонна картоп бар. Оның 470 тоннасы элиталық болса, бірінші репродукциялы – 4002 тонна, көпжылдық 24 тонна тұқым бар.

– Кешегі күнгі дерек бойынша қолда бар тұқымдардың 64,3 мың тоннасына (62%) оның ішінде, дәнді және дәнді бұршақты дақылдар – 62,6 мың тонна, майлы дақылдар – 1,6 мың тонна, азықтық дақылдар – 93 тонна сараптама жасау басталды. Тексерілгені – 56,8 мың тонна, оның 86,0% кондициялы. Атап айтқанда, бірінші сынып – 27,9 мың тонна (49%), екінші сынып – 10,5 мың

71,5 мың тонна минералды тыңайтқыштар қолдану тапсырмасы тұр.

– Бұл ауыл шаруашылығы дақылдары алқаптарының 47,6%-ын немесе 581,0 мың гектар алқапты қамтуға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Саят Мусин. – Былтыр 34,8 мың тонна минералды тыңайтқыштар сатып алынып, 405,4 мың гектар алқапқа енгізілді. «Қазфосфат» АҚ және «ҚазАзот» АҚ деректері бойынша

бекітілген 64,7 мың гектар суармалы жердің 30,2 мың пайдаланылатынын жеткізді. Биыл суармалы жерлер алқабын 4,5 мың гектарға ұлғайтып, 34,8 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған.


Техниканың дайындығы бақылауда

Егіс науқанына 10 мыңға тарта трактор, 254 екіш және 4 мыңнан астам тұқым сепкіш және

– Қазіргі таңда операторлар дизель отынын кестеге сәйкес тасуда. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне дизель отыны литрі 245 теңгеден босатылуға. Бұдан басқа, өтінші беріп үлгермеген шаруашылықтар үшін 2023 жылғы егін ору жұмыстарына бөлініп, пайдаланылмаған көлемнен литрін 250 теңгеден «ГосАгро» порталы арқылы қосымша дизель отынына өтім беру мүмкіндігі ашылды. Бүгінгі таңда 5,9 мың тоннаны алуға 160 шаруашылықпен шарт жасалды. Алайда, оның 18,3%-ы ғана тасылып алынды. Аудандар бойынша осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет, – деді Саят Мусин.

Дала жұмыстарын мемлекеттік қолдау

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 138 шаруашылық құрылымына 6 млрд. 518,3 млн. теңге сомасында несие, оның ішінде «Кең Дала» бағдарламасы бойынша 125 шаруашылыққа 5 млрд. 505 млн. теңге



Биылғы жылғы көктемгі егіс алқабы 1 млн. 100,0 мың гектарды құрайды

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР 966,3 МЫҢ ГЕКТАР АЛҚАПҚА СЕБІЛЕДІ

Бидай алқабы 8,0 мың гектарға азайып, 810,9 мың гектарды құрайды

Арпа 12,7 мың гектарға азайып 148,3 мың гектарды құрайды

Сұлы – 7,1 мың гектарға, дәнді бұршақ дақылдары 13,0 мың гектарға себіледі

Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімімен егін шаруашылығын әртараптандыру жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес, майлы дақылдар алқабы 31,0 мың гектарды құрайды

Майлы дақылдар алқабы 31,0 мың гектарды құрайды

Азықтық дақылдар алқабы 57,3 мың гектарға ұлғайтылып, 77 мың гектарға жеткізіледі

11,5 МЫҢ ГЕКТАРҒА КАРТОП, 1,2 МЫҢ ГЕКТАР АЛҚАПҚА КӨКӨНІС ЕГІЛЕДІ ДЕГЕН ЖОСПАР БАР

Инфографиканы жасаған А.Рахымжан

тонна (18%) және үшінші сынып 10,5 мың тонна (18%). (кондициясыз – 7,9 мың тонна 14%). Бұл ретте сараптамаға тұқым тапсыру көрсеткіштері Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында төмен. Аудан әкімдіктерінен тұқымды тексеруге тапсыру бойынша жұмысты ұйымдастыру сұралады, – деді Саят Кабиденұлы.

Тыңайтқыш – қосымша көмек

Саят Кабиденұлы алынатын өнім көлемін арттыру және жерді ұтымды пайдалануда минералды тыңайтқыштардың маңызы өте зор екенін де айтты. Оның айтуынша, министрлік бекіткен жол картасына сәйкес, биыл облыс бойынша

барлығы 12,9 мың тонна минералды тыңайтқыш алуға 150 шарт жасалды. Ақтоғай ауданы бойынша осы бағытта жұмыс әлі басталған жоқ. Әкімдіктер аудандағы шаруашылықтардың минералды тыңайтқыш жеткізушілерімен алдын ала шарт жасасуын қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарының аурулары, зиянкестері және арамшөппен күресуге қажетті пестицидтердің 176 мың литрін сатып алуға 605 шарт жасалды.

Ол өсімдік шаруашылығы өнімдерін ұлғайту жұмысы суармалы жерлерді айналымға енгізу арқылы жүзеге асырылатынын айта келіп, бүгінгі күні ауыл шаруашылығы құрылымдарына

2482 бірлік топырақ өңдеуші агрегаттар жұмылдырылады. Қазіргі уақытта оларды жұмысқа дайындау жұмыстары жүргізілуде.

– Жыл басынан бері 1,726,2 млн. теңге сомасына 137 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Аудандар ұсынған деректер бойынша тракторлардың дайындығы 93,7%-ды, егіс кешендерінің дайындығы – 99,1%-ды, тұқым сепкіштердің дайындығы – 92%-ды және басқа техникалар дайындығы 93,2%-ды құрайды, – деді баяндамашы.

Ол сонымен қоса, көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін берілген 691 өтім бойынша 17,4 мың тонна арзандалатын дизель отыны бөлінгенін айтты.

берілген. Ал, «КазАгроҚаржы» АҚ арқылы жалпы сомасы 1,6 млрд. теңгеге 68 шаруашылық қаржыландырылып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы техниканың 110 бірлігі лизингке берілді.

– Сонымен бірге субсидия түрінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 млрд. 841,5 млн. теңге сомасында мемлекеттік қолдау қарастырылған. Оның ішінде, «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» бағдарламасы бойынша – 571,5 млн. теңге, «Пестицидтердің құнын субсидиялау» бағдарламасы бойынша – 2 190,9 млн. теңге, «Минералды тыңайтқыштарды субсидиялау» бағдарламасы бойынша – 937,9 млн. теңге, «Ауыл шаруашылығы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тауарын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау» бағдарламасы бойынша 141,2 млн. теңге көзделген, – деді Саят Кабиденұлы.

Аймақ басшысы негізгі егінді өңір саналатын Осакаров, Нұра, Бұқар жырау, Абай аудандары әкімдерінің баяндамасын тыңдады. Одан кейін Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» Қарағанды филиалы Ибадулла Мырзаев облыс шаруашылықтарымен су пайдалану жөнінде шарт жасалып жатқанын, бұл жұмыстың әлі де жүргізілетінін жеткізді. Бұл ретте Ермағанбет Кабдулаұлы биыл су мөлшері көп екенін айта келіп, жағдайды бақылауда ұстауды тапсырды.

«Қазгидромет» Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша филиалының директоры Нұрлан Шахарбаев алдағы уақытта күтілетін ауа райы болжамымен бөлісті.

– Сәуір айында ауа температурасы қалыпты норма деңгейінде. Мамырда 1 градус нормадан жоғары. Норма +10,9 +17,2 жауын-шашын нормаға жақын деп күтілуде. Маусымда ауа температурасы нормадан 1, 2 градус жоғары болады деп күтіледі. +16,4 +23,2 жауын-шашын нормадан аз, шілдеде температура +18,5 +24,9. Жауын-шашын нормадан көп болады деп күтілуде. Тамызда ауа температурасы нормаға жақын болады. +15,6 +23 ал, жауын-шашын нормадан аз болады деп күтілуде. Наурыздағы зерттеу бойынша егісті алқаптардағы топырақ ылғалдылығы жақсы. Ылғалдылық қорытындысы Нұра, Осакаров аудандарында оңтайлы. Жаздық және дәнді дақылдарды егу мерзімдері ретінде мамырдың бірінші және екінші онкүндігі қолайлы, – деді Нұрлан Төлеутайұлы.

– Аграрлық сала көрсеткіштері егіс науқанын уақытылы және сапалы жүргізуге тікелей байланысты, өсімдік шаруашылығы өңірдің ғана емес, тұтас еліміздің азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ауыл шаруашылығы техникасын дайындау, минералды тыңайтқыштарға қол жеткізу, отырғызылатын тұқымның сапасы, жанар-жағармаймен және басқа да қажетті материалдармен уақытылы қамтамасыз ету мәселесі тегілікті әкімдіктердің бақылауында болсын, – деген Ермағанбет Кабдулаұлы жалпы бақылауды орынбасары Бауыржан Асановқа тапсырды.

Сананы сергіткен сенбілік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олар қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі даңғылдар мен үйлер арасындағы көшелердің қоқыстарын жинады. Небәрі бір сағаттың ішінде жиналған қоқыстың өзі шамамен 50 қапқа жуықтады.

– Қаламыздың таза болғанын біз де қалаймыз. Осы жолда өз үлесімізді қосайық, деп біз де бұл акцияға белсене қатысуды ұйғардық. Ұстаздардан бастап, курсанттарға дейін осы бастаманы қолдады. Былай қарасаңыз, тазалық сақтау да тәртіпке үйретеді. Меніңше, әр азамат аз да болса, өз көмегін, шарапатын манайына таратып жүруі тиіс. Республикалық сенбіліктің алдағы уақытта ауқымды ұлғайып, ерекше мәнге ие болатынына сенімдіміз, – дейді полиция аға лейтенанты Әсемей Әлжаппарова.

Академия курсанты Самир Куаныш:

– Төңірегіміздің таза болғаны

жақсы. Қаламыз көркейіп тұрса, көңіліміз де көтеріңкі жүреді емес пе?! Мұнымызды курсанттармен бірге дәстүрге айналдырамыз деген ойдамыз, – дейді.

Мектептер де өнеге көрсетті

Қаладағы көптеген білім ошағы сенбілікке серпін берді. Бірнеше мектеп оқушылары ұстаздарымен бірге ортақ іске жұмылды. Әсіресе, қоғамдық жұмысқа белсене қатысатын №36 жалпы білім беретін мектеп ұстаздары, қызметкерлері мен оқушылары бұл жолғы сенбілікке бір кісідей атсалысты.

– Мектеп ауласын қоқыстан тазартып, санитарлық тазалық шараларын жүргіздік. Нақтырақ айтсақ, мектеп мұғалімдерінен – 30, қызметкерлерінен – 10, оқушыларынан – 25 бала белсенділік танытып, тазалық жұмысына қатысты.

Таза ауада жұмыла жүріп, жұмыс істедік, – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнуір Қуанбаева.

Әлихан Бөкейхан ауданындағы Әлихан Бөкейхан мектебінің ұстаздары мен оқушылары да сенбілікке шықты. Мектеп директоры Айнуір Жаппарқұлова мектеп оқушыларына өнегені өзіміз көрсетуіміз керек дейді.

– Шашылып жатқан қоқыстан түрлі иіс шығып, вирустар ауаға жайылып, адамдарға ауру тарауы мүмкін. Сол себепті, сенбілікке бейжай қарауға болмайды, – дейді директор Айнуір Тұрғанбекқызы.

Барлық өңір белсенділік танытты

Игілікті іске барлық аудан-қаланың тұрғындары белсене қатысты. Акция басталғалы бері Бұқар жырау ауданында күн сайын сенбіліктер өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде 210 ұйым мен мекемеден 2100 адам белсене қатысып, 34 арнайы техника жұмылдырылды. Соның нәтижесінде қазірге дейін аудан бойынша 800 тонна қоқыс сыртқа шығарылып, 760 аула мен 110 гектар жер аумағы тазартылып, 9 бейресми қоқыс үйінділері жойылып, 57 ескертпе жасалды. Қарқаралы ауданында да тазалық жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, аулалар абаттандырылуда. Апта бойы 1500-ден астам тұрғын қатысып, 200 тонна қоқыс



шығарылды. Шет ауданы да шет қалмады. Сенбілікке 2425 адам белсене қатысқан. Жиналған қоқысты сыртқа шығару үшін 22 жүк тиегіш техника, 25 жүк көлігі жұмылдырылды. Ақтоғай ауданындағы сенбілікке түрлі 98 ұжымнан 1230 адам қатысқан. 11 жүк тиегіш техникасы 17 жүк көлігіне қоқыс артып, полигонға тасылған. 115 тонна қоқыс шығарылып, заңсыз қоқыс төгілген 4 аумақ тазартылған. 29 аула, 52 гектар аумақ тазартылған. Нұра ауданындағы барлық мекеме, ұйым қызметкерлері, аудан тұрғындары да аумақтарын тазартуға белсене қатысты. 144 ұжым, 1006 адам тазарту жұмыстарына шыққан. Нәтижесінде, 135 тонна қоқыс сыртқа шығарылды. Осакаров ауданында ұйымдастырылған сенбілікке 142 ұжым, 1053 тұрғын шығып, 69 техника

жұмылдырылған. Ал Абай ауданында ұйымдастырылған сенбілікке 160 ұйым, 1200-ден аса адам атсалысқан. 112 аула, 80 гектар тазартылған.

Осы секілді облысымыздың барлық қалаларында да сенбілік ұйымдастырылды. Әсіресе, аулаларын тазарту жұмыстарына қала тұрғындары белсенді кіріскенін ерекше атап өтуіміз қажет.

300-ге жуық әкімшілік хаттама толтырылды

Мұны полиция өкілдері тазартылмаған аумақтар үшін толтырып отыр. Егер, жағдай он күн ішінде өзгермесе, 30 мың теңгеге дейін айыппұл салынады. Осы мақсатта полиция өкілдері рейд жүргізуде. Қарағанды қаласы полиция басқармасының басшысы Шахназар Салин күн сайын ша-

мамен 60-70 әкімшілік хаттама толтырылып жатқанын айтады. Тазалыққа немқұрайды қарағандарға жыл басынан бергі есеп бойынша 4 мыңнан астам айыппұл салынған.

Бұл күні республикалық тақсодлар да тазаланды. Жол қызметкерлері жол жиектерінде шашылған қоқыс қалдықтарын жинап шықты. Бұлардың барлығы өлкеміздің көркі үшін қолға алынып жатқан қадамдар. Бастысы, ел-жұрт өз еркімен аулаларын, гүлзарларын, саябақтарын тазартуға шыққаны көпшіліктің көңілін жадыратты. Шынымен, республикалық сенбілік мерекелік сипат алғандай. Қарағанды облысындағы «Таза өлке» аталығы тамаша түйінделді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Жұмыссыздықты жою жолында

Елімізде жылдан жылға жалғасып келе жатқан өзекті мәселе – жұмыссыздық. Сол жөнінде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтің «Жұмыссыздықты, соның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтуға ерекше көңіл бөлу керек» деген талабы бар. Міне, осы орайда Саран қаласында жұмыссыздықпен күрес жүйелі жүргізіліп, жандана түскенін айтқанымыз жөн. Мұнда оның деңгейі облыстық көрсеткіштен төмен. Егер, ол облыста 4,2 пайыз болса, Саран мен оның аумағына кіретін Ақтас кентінде тұратын 43 мың 785 адамды қоса есептегенде, ол 4,1 пайызды құрайды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл, бір жағынан, кейінгі екі-үш жылда қаланың бұрынғы Резина-техникалық бұйымдар зауыты аймағында үш бірдей кәсіпорынның – Шина жасау, Автобус құрастыру, Тұрмыстық техникалар зауыттарының ашылуымен байланысты болса, екіншіден, «Саран қаласының мансап орталығы» КММ (бұрынғы Жұмыспен қамту орталығы) жүйелі жұмысының нәтижесі.

Осы мекеменің директоры Татьяна Сергеевна Черкасова бізбен әңгімесінде:

– Бүгінде біз республикамызда қабылданған Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде әрекет етудеміз. Сол бойынша жыл басынан бізде жұмыссыз ретінде тіркелген 399 адамды жыл біткенше жұмыспен толық қамтуды көздеп отырмыз. Ол қазір бірнеше бағытта жүзеге асырылуда, – дейді.

Яғни, біріншіден, жұмыс берушілерден түскен өтінімге қарап 28 адам қысқа мерзімді курстарда оқытылып, одан әрі олар алған жұмысшы мамандықтарымен жұмысқа орналастырылмақ. Өткен жылы осындай курстарды тәмамдаған 35 адам қалауынша кәсібін қылып,



нәпақасын айыруда.

Екіншіден, әлеуметтік жұмыс орындары бағыты бойынша 21 жұмыссызды Саран қаласындағы ЖШС мен жекеменшік кәсіпорындарға жұмысқа тұрғызу жоспарлана, соның тоғыз ендігі орналасып та алған. Былтыр бұндай 21 адам жана жұмыс орындарын тапқан. Олардың жалғасының 35 пайызын мемлекет субсидиялайды.

Ал «Күміс жас» санатына жататын 51 адам қала кәсіпорында

рына жұмысқа қабылдана, енді 14 адам өз кезегін күтуде.

Келесі «Жастар практикасы» бағыты соңғы 5 жылда орта және жоғары оқу орындарын бітірген 35 жасқа дейінгі жас мамандарға арналып, ол 12 айға созылып, ай сайын оларға 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде жалақы төленеді екен. Жыл басынан бері

бағыты бар. Бұл жұмыс орындары қала кәсіпорындары мен ұйымдарында құрылып, онда 18 айға дейінгі мерзімге жіберілген қыз-жігіттерге ай сайын 110 мың 780 теңге төленетін болады. Соны пайдаланып, жоспарланған 30 жастың 9-ы алғашқы жұмысына кіріскен. Өткен жылы осылайша 35 жастың томағасы сыпырылған.

Егер өткен жылы Саран аймағында 1633 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылса, ал, биыл кешегі күнге дейін 194 адам «екі қолға бір күрек» тауыпты.

– Енді біздің алдымызда жыл аяқталғанша қалған 172 адамның жұмыссыздық мәселесін шешу міндеті тұр. Өлбетте, оған мүмкіндігіміз мол. Өйткені, қазірдің өзінде қаламыздың кәсіпорындары бізге 400 бос жұмыс орнын мәлім етіп, өтінім түсірді. Бұған дейін осы бос жұмыс орындарының 2 жәрменкесін өткізсек, таяу арада оны тағы ұйымдастырып, тіпті, сырттан келіп, жұмыс іздегендердің де жолын кесіп, меселін қайтармаймыз, – дейді тағы да Татьяна Черкасова.

Бұдан бөлек, Еңбек нарығын дамытудың тұжырымдамасы бойынша жұмыссыздарға да 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік грант беру көзделген. Қаланың мансап орталығы солардың ішінен быыл 10 адамға грант беруді қарастыруда.

Бір атап өтерлігі, соңғы үш жылда Саран қаласы жұмыс берушілерінің жұмыссыздықты жою жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға қатысуы 3 есе өскен. Мұның өзі қалалық Мансап орталығының оң жұмысы мен азаматтардың мемлекетке сенімі арта түскенін көрсеткендей.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Бұл жұмыс орындары қала кәсіпорындары мен ұйымдарында құрылып, онда 18 айға дейінгі мерзімге жіберілген қыз-жігіттерге ай сайын 110 мың 780 теңге төленетін болады. Соны пайдаланып, жоспарланған 30 жастың 9-ы алғашқы жұмысына кіріскен. Өткен жылы осылайша 35 жастың томағасы сыпырылған.

Егер өткен жылы Саран аймағында 1633 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылса, ал, биыл кешегі күнге дейін 194 адам «екі қолға бір күрек» тауыпты.

– Енді біздің алдымызда жыл аяқталғанша қалған 172 адамның жұмыссыздық мәселесін шешу міндеті тұр. Өлбетте, оған мүмкіндігіміз мол. Өйткені, қазірдің өзінде қаламыздың кәсіпорындары бізге 400 бос жұмыс орнын мәлім етіп, өтінім түсірді. Бұған дейін осы бос жұмыс орындарының 2 жәрменкесін өткізсек, таяу арада оны тағы ұйымдастырып, тіпті, сырттан келіп, жұмыс іздегендердің де жолын кесіп, меселін қайтармаймыз, – дейді тағы да Татьяна Черкасова.

Бұдан бөлек, Еңбек нарығын дамытудың тұжырымдамасы бойынша жұмыссыздарға да 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік грант беру көзделген. Қаланың мансап орталығы солардың ішінен быыл 10 адамға грант беруді қарастыруда.

Бір атап өтерлігі, соңғы үш жылда Саран қаласы жұмыс берушілерінің жұмыссыздықты жою жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға қатысуы 3 есе өскен. Мұның өзі қалалық Мансап орталығының оң жұмысы мен азаматтардың мемлекетке сенімі арта түскенін көрсеткендей.

Сурет ұйымдастырушылардан

Еске алу

Шет ауданы Ақпоқы ауылының тумасы, еліне елеулі, халқына қалаулы ардақты азаматы болған асқар таудай әкеміз, отбасымыздың алтын дінгегі **Марат Несібеұлы ТЛЕГЕНОВТІҢ** мына жарық дүниеден бақиға аттанғанына 2024 жылғы 20 сәуір күні 10 жыл толады.

Әкеміз 1940 жылы, әлемді дүр сілкіндірген алапат соғыстан тура бір жыл бұрын ауыл ұстаы Несібек атамның шаңырағында дүниеге келген. Осы бір сұрапыл кезеңде туып, балалық шағы одан кейінгі қиын-қастау заманға сәйкес келген әкеміздің балдауырының де аса тұшымды бола қоймағаны анық. 1947 жылы ауылдағы киіз үйде орналасқан шағын мектептің бірінші сыныбына барып, одан соң Қызылтаудағы жетікылдық мектепте, кейін аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин орта мектебінде оқып, 1958 жылы орта білім алып шығады. Мектеп бітірісімен туған ауылында еңбекке араласады. Еңбектен жүріп, өзінің ерекше еңбекқорлығын танытып, техника тілін жақсы меңгеріп алады. Талапты, еңбекқор қызметін жігерлі ісіне қолдау білдірген ауыл, аудан басшылары әкемізді 1962 жылы трактор бригадасының жетекшісі етіп тағайындайды. 1964 жылы ол кісінің ұйымдастыруымен ауданда алғашқылардың бірі болып Ақшоқыдағы комсомол жастардың трактор бригадасы құрылды. Ал, 1976-1990 жылдар аралығында ол шаруашылықтың орталық техникалық шеберханасын басқарды, 1990 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Ақшоқы кеншарының Бас инженері қызметін атқарды. Бойындағы қайраты мен жігерін, білімі мен тәжірибесін ел игілігі үшін атқарылар іске аямай жұмсап, ерен еңбекқорлығымен танылған әкеміздің еселі еңбегі елінің де, үкіметтің де тарапынан елеусіз қалмады. Ол 1972 жылы «Еңбек Қызыл Ту», 1976 жылы «Ленин» ордендерімен, Кеңес Одағы Халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің қола медалімен марапатталды, Халық депутаттары аудандық Кеңесінің бірнеше шақырылымында депутат болды. Асыл әкеміздің бүкіл өмірі, мінезі, адами қасиеттері, туған елінің ортасындағы беделі мен жарқын бейнесі өзі тәрбиелеп өсірген 9 баласына өмірлік үлгі, өшпес өнеге деп білеміз. «Әке» деген асыл сөздің перзент үшін қаншалықты қымбат екенін бізге ұғындыра білген, бүгінде сол ұрпақтың орны толмас өкініш пен сананы сарғайтар сағынышқа бөлеген ардақты жанды ет жүрегіміз езіле еске алып отырмыз.

Бүкіл саналы ғұмырымызды біздер үшін, біздің аман ержетіп, жақсы өмір сүруіміз үшін сарп еткен жан ӘКЕ, ұрпақтарыңыз сіздің өсиетіңізге берік болып, өзіңізге ұқсап адал еңбектерімен өмірден өз орындарын табады деп сендіреміз.

Жан Әке елден ерек қасиетің, Тұлға едің келбетіңе бас иетің. Отыңды өзін жаққан өшірмейтің Ұрпаққа мәңгі бағдар-өсиетің.

Елге сыйлы, халқыңа жақын едің Қоғамға 45 жыл еңбек еттің Қиналмай-ақ ұйқыға кеткеніңіз Сізге деген бағасы шығар көптің.

Бәйтеректей әулетіңе сая болған, Барлығына мейірімін аямаған. Жаннәтта жаның болсын, рухың биік, Асқар тау, ардақты әке, аяулы адам! Қайран әке бір төбесіз, дарасыз, Біздер үшін Сіз баға жетпес данасыз. Жалғастырар ұрпақ барда артында. Өкетайым, мәңгі есте қаласыз!

Еске алушылар: **Тлегеновтар отбасы**
Марқұмның 10 жылдық асы: 5 мамыр 2024 жыл. Қарағанды қаласында Шахтерлер даңғылы, 10, «ӘНЕТ-БАБА» мешітінде сағат 13.00-де беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жесқат, әкеміздің замандастары мен дос-жарандарын шақырамыз.

№136

ӨЗЕКТІ

Зардап шеккендердің шығыны өтеле бастады

Бұған дейін су тасқынының зардабы тиген тұрғындардың шығыны есептеліп, келтірілген зиян өтелетіні айтылған еді. Енді, міне, көп ұзамай үйін су басқан Шет ауданының тұрғындарына үйлер сатып алынды. Қызыл судың кесірінен үйлері жарамсыз болып қалған бес отбасы өздеріне үй таңдауға мүмкіндік алды. Оған бюджет қаражаты есебінен қаржы бөлінген. Алдағы күндері тағы бір отбасына жаңа үй салу жоспарланған. Өйткені, олардың ауылында сатылатын үй жоқ. Осы себепті жанасын салу туралы шешім қабылданып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан бөлек, апатты деп танылмаған 54 үйге жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Тұрғындар жөндеу жүргізу үшін қажетті өтемақыны алып, мәселені өз бетінше шешуге ниет білдіріпті.

Ал, Красная Поляна ауылының тұрғыны Ақмарал Мусина өз отбасына қолайлы үй таңдаған. Көпбалалы ана туындаған мәселенің тез арада шешілгеніне дән риза.

– Өтемақы мен материалдық көмекті уақытылы алдық. Үйді өзіміз таңдадық. Әкімдік «Өздеріңізге ұнаған үйдің біреуін сатып алып береміз» деді. Мүліктік өтемақы мен тұрғын үйді біз өте жылдам – бір апта ішінде алдық. Осыны айрықша атап айтқымыз келеді, – дейді Ақмарал Мусина.

Стадниченко отбасы үшін де Красная Поляна ауылынан үй сатып алынды. Көпбалалы ана Надежда Стадниченко отбасының баспанасыз қалмағанына қуанышты екенін жеткізді.

– 30 наурыз күні таңертең үйге су кіре бастады. Тұрмыстық техникадан тек тоңазытқыш пен пешті алып шығып үлгердік. Қалғанының бәрі жарамсыз болып қалды. Бір-екі күн құрбымының үйінде тұрдық. Қазір біз жөндеуден өткен 2 бөлмелі үйге қол жеткіздік. Үлкен залы бар, даретхана мен жуынатын бөлме, орталық су құбыры, моншасы бар. Ауласына бақша дақылдарын өсіруді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, материалдық көмек пен бүлінген мүлік үшін өтемақыны да алдық. Өзірге туыстарымызда тұрып жатсақта, жақын арада жаңа қонысқа

көшеміз. Барлығының жылдам шешілгеніне өте қуаныштымын, – дейді ауыл тұрғыны.

Сонымен бірге, Шет ауданында су тасқынынан зардап шеккендерге 100 АЕК мөлшерінде



біржолғы әлеуметтік көмек және бүлінген мүлік үшін өтемақы төленгенін де атап өткен жөн.

Тасқын салдарынан қырылған мал шығыны да өтелді. Өлген мал қажетті ветеринариялық-санитариялық нормаларды сақтай отырып жойылды.

– Су тасқыны кезінде бес сиыр мен бір құлыннан айырылдық.

Жақында өтеміне мал алдық. Сонымен қатар, бізге генератор, теледидар әкеліп берді. Ағаш өңдейтін техникамыз бен мұздатқышымыз бұзылған еді. Бұл залалды да толығымен өтеп берді, – дейді Ақсұ



ауылының тұрғыны Айжан Қашкенбаева.

Тағы бір айта кетерлігі, су басқан елді мекендерде құдықтар мен ұнғымаларды түзету жүргізіледі. Аптаның соңына дейін дезинфекциялық жұмыстар да атқарылмақ.

Бұдан бөлек, кентішілік жолдарды қалпына келтіру жұмысы да жалғасып жатыр.

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар дайындайды:

«Т-кәсіпкерлік және шифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесіңізді қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(712)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№100

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, Қарағанды облысының Құрметті ардагері **Исмағил Нигматович ГАЛИУЛЛИННІҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

Мектеп жанындағы жылыжай

«Озық дамыған мемлекет құру үшін біздің азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы керек. Сол себепті, біз қоғамда білімпаздықты дәріптеуге, білім және ғылым саласын дамытуға баса мән беріп келеміз», – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда. Осы орайда Балқаш қаласындағы Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің ауласында жыл бойы жұмыс істейтін жылыжай ашылды. Бұл «Мектептің жасыл аумағы» жобасы Қарағанды облыстық Экомуражай қызметкерлері «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС және The Ulytau Educational Foundation қайырымдылық қорының қолдауымен жүзеге асырылуда.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді оқушылар тамшылаптып суарылатын тәжірибелік алаңында қоғалдандырумен өз бетінше айналысып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұған дейін дәл осындай тәжірибе шағын

шаһардағы Русаков атындағы №2 мектеп-интернатында жасалған. Жоба жетекшілері балқаштық оқушылардан жақсы нәтиже күтіп отыр. Қазіргі таңда жоба аясында бұталар мен ағаштардың 100 көшеті отырғызылып, суаруға арналған контейнерлер орнатылды. Жылыжай мен зертханадағы

сабақтар «Жаратылыстану» және «Биология» пәндері бойынша өтеді. Балалар Қарағанды өңірінің жағдайына бейімделген өсімдіктерді өсіру технологияларын таңдау бойынша зерттеулер жүргізетін болады. Жылыжай өнімдерін баптайтын бағбандар емес, оқушылар. Эко-жоба балаларға табиғатты қорғауды ғана насихаттамай, өсімдікті өсіріп, өнім алу жолдарын теориялық-тәжірибелік тұрғыда үйретеді.

– Академик Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың ботаника кафедрасының оқытушысы Денис Сирман оқушыларға семинар өткізді. Ол өсімдік шаруашылығындағы жалпы принциптер мен заманауи технологиялар туралы айтып, зертханада, жылыжайда және тәжірибе алаңында жұмыс істеу бойынша



егжей-тегжейлі ұсыныстар берді. Семинарда біз тұқымдарды қалай дұрыс отырғызу және өсімдік қалдықтарын компостау керектігін білдік. Сондай-ақ, өзіміздің алғашқы өсімдіктерімізді отырғыздық, оларға біз одан әрі күтім жасаймыз, – дейді Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Аме

лия Ысқақова.

Жоба авторлары атап өткендей, жылыжайда балалармен тек биология пәнінің мұғалімдері ғана жұмыс істей алмайды, ең бастысы – мұғалім балалармен де, өсімдіктермен де тіл табыса білуі керек.

– Қарағанды облысы үшін, атап айтқанда, Балқаш қаласы



Президент тапсырмасын орындай отырып...

үшін экология мәселелері бірінші кезекте. Қазірдің өзінде бар және болашақта оқушылардың өздері мектеп аумағына отырғызатын ағаштар шуды азайтады және ауа сапасын жақсартады, – деді «Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы» ҚБ өндіріс жөніндегі директоры Екатерина Оборина. Айтпа кетейік, болашақта мектеп оқушылары жылыжай кешенінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді, республикалық байқауларда жұмыстарын қорғайтын болады.



• ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ

Айзере топ жарды

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияда тоғызқумалақтан облыстық біріншіліктің қалалық іріктеу кезеңі өтті. Оған 9-13 жас аралығындағы Қарағанды қаласының 13 командасының 112 оқушы қатысып, бақ сынасты.



Сайысқа іріктеуден өткен үздіктер келді. 9 жас, 11 жас, 13 жас санаттарында үміткерлер өз шамасын байқап көрді.

Тартысты өткен жарыста №64 негізі орта мектеп оқушылары белсенділік танытып, бес медаль жеңіп алды.

Нақтырақ айтсақ, 9 жас санатында қыздар арасында жас та болса, шеберлегімен көзге Айзере Бәстен I орынды иеленді. Ал, Аяла Аманкелді II орын биігінен көрінсе, Айқаным Жұман III орынды қанағат тұтты.

Жарыс кезіндегі ойын мен ойлағаннан да қиын болды. Себебі, осы жолы қатысушылар саны көп және екі күнге созылды. Соған қарамастан, барымды салып, қалалық кезеңнің чемпионы атандым, – дейді Айзере Тәңірбекқызы.

Ал, 11 жас санатындағы қыздар арасында №64 негізі орта мектеп Еркеназ Зейнолла бірінші орынды жеңіп алса, Тоғжан Амантаев үшінші орынды қанағат тұтты.

№64 негізі орта мектепте бір жылға жуық осы шәкірттерді тоғызқумалаққа баулып келемін. Қалалық жарысқа 12 оқушы апардым. Соның бесеуі жүлделі орындарға не болды. Енді осы озат шәкірттерін облыстық кезеңге қатысып, бақ сынайды. Шәкірттерімізін болшағынан үлкен үміт күтеміз, – дейді аталған мектептің жаттықтырушысы Ер-дос Төлегенұлы.

Өз тілшімізден

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қола медаль – «Сарыарқада»

Аймағымыздың мақтанышы «Сарыарқа» хоккей клубы өз алаңында «Ақтөбе» командасымен қола жүзде үшін шешуші бесінші кездесуін өткізді. Бұл айтулы текетіреске дейін сериялық есеп 2:2 болған еді. Қарағандылықтар шешуші ойынның алғашқы минуттарынан-ақ тізгінді қолына алды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, «Сарыарқа» шабуылшысы Руслан Демин шайбаны өз аймағында қағып алып, ептілікпен доп соққы жасап, қарсыластардың қақпашысын қапы қалдырды. Бірінші кезеңде Владимир Князевтің шәкірттері асқақ рух пен дайындығын көрсетті. Қарсыластарын қателесуге мәжбүрлеп, жекпе-жек шыға қалса, тықсырып отырды.

Жіберген қателерін уақытылы пысықтап үлгерген ақтөбеліктер сирек болса да, нақты шабуылдап, есепті теңестірді. Қонақтар осылай қарқынның күшейтіп алды. Ал, екінші кезеңде ақтөбеліктердің қақпашына екі шайба тоғытылды. Никита Жульдиқовтің пасын шапшаң қабылдаған шабуылшы Никита Баженов жерлестерді алға шығарды. Көп уақыт өтпей, «Сарыарқа» командасының капитаны Дмитрий Стулов қақпаны дәл көздеп, есепті 3:1-ге жеткізді.

Ал, үшінші кезеңді қос команда жылдам шабуылдармен бастады. Біздің жігіттер өте қарағылықпен және сенімділікпен ойнады. Қорғанысқа баса мән беріп, қарсы шабуылды үдете түсті. Бұл кезең де жерлестердің үстемдігінде өтті.

«Сарыарқа» командасы мінезді ойын көрсетіп, Никита Баженовқа дубль жасауға мүмкіндік туғызды. Қарсыластар бар күшін салып, толассыз шабуылдаса да, есепті бір шайбаға ғана қысқартуға шамасы келді. Қола медаль үшін болған тартысқа толы ойында жарқырай көрінген



Сурет ашық әрекеттен

шабуылшы Глеб Зайцев жерлестер есебін қорытындылады.

Осылайша «Сарыарқа» сайыпқырандары «Ақтөбені» 5:2 есебімен жеңіп, ел чемпионатында үшінші орын биігінен көрініп, қоладан медаль тағынды. Үшінші орынның кубогын иеленіп, аймақтың мерейін тасытты.

– Мен өз командамды мақтан тұтамын! Барлық қиындықты жеңіп, үшінші орынды еншіледік. Бұл жеңіске лайықпыз. Әрине, мақсат бұдан да биік еді. Десе де, шәкірттеріме ризамын. Маусым өте ауыр болды. Тіпті, кейбір сәттерді есіме алғым да келмейді. Қиын жағдайларда қақпашы-

мыздың сенімді ойыны бізді құтқарды. Бүкіл жаттықтырушылар құрамы және жанкүйерлеріміз командаға сенді. Сенім ақталды. Қола – қолда. Маусым бойы қо-

манданы қолдаған жанкүйерлерге алғысым шексіз, – деді «Сарыарқа» ХК бас бапкері Владимир Князев.

Шынында, ақтық сығға өту ойындары жерлестер үшін ауыр болды. Ал, плей-офф кезеңінде сәтті өнер көрсетті. Кәдімгідей ширады.

Ақтөбемен ойындар сериясы тартысты өтті. Біреулер «Ақтөбені» фаворит санаса, енді біреулер «Сарыарқаны» қолдады. Әр ойында жан алысып, жан берісті. Ешкім берілгісі келмеді. Бастысы, жерлестердің бағы мен бабы қатар шауып, қоланы Қарағандыда алып қалды. Бұл – Арка жұртшылығына ортақ қуаныш!

• БІЛІМПАЗДАР САЙЫСЫ

Пікірталаста жүздесті

Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры кубогына арналған «КВУ CUP – 2024» республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық пікірсайыс турнирінің ашылу салтанатына қатысушылар «Шаттық» әуесқой студенттер театрының «Менің атым Қожа» сахналық қойылымынан үзінді тамашалады. Биыл сегізінші рет өткізілген республикалық турнир қазақ фильмі тақырыбын қозғады. Студенттердің шешендік қабілетін, интеллектуалды мүмкіндіктерін шыңдап, құқықтық сауаттылығын арттыра түсті.

Ақыл-ой жарысына Алматы, Астана, Шымкент қаласы, Павлодар, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Петропавл және

Қарағанды облысынан 32 команда қатысты. Негізгі алаңда Қостанай өңірлік университетінің студенті Шыңғыс Жұмағали мен Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Мақсат Мұқанов жеңіске жетті.

– Қаныш Имантайұлының есімі Ұлытау облысындағы Сәтбаев қаласына, бірқатар минералдар, мұздық, тау шыңдары мен гүлдерге берілді. Қ.Сәтбаев атындағы сыйлық және стипендиялар тағы бар. Осы деректерді негізге ала отырып пікірсайысты қызықты өткіздік, – дейді Мақсат Мұқанов.



Сурет ұйымдастырушылардан

• БАЙҚАУ

Талаптың мініп тұлпарын...

«Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми практикалық орталығы және Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің ұйымдастыруымен «Көркем еңбек» пәні бойынша «Жас шебер» облыстық байқауы өтті. Оған облыстың барлық қала-ауданынан бес-жеті сынып оқитын талапты деген жүзге жуық бала қатысты. Олар «Графика», «Кескіндеме», «Ағаш өңдеу», «Металл өңдеу», «Киіз басу» және «Кесте тоқу» бағыттары бойынша бақ сынасты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараның ашылуында сөз алған оқу орны директоры Есжан Әміров кейінгі кездегі көркем еңбек пәніне оқушылардың қызығушылығы артып келе жатқанын айтты.

– 2018 жылдан мектептегі технология мен бейнелеу өнері пәндері біріктірілген кейін көркем еңбек мамандығы ашылды. Алғашқы жылы 15 орынның өзі толмайтын. Кейінгі жылдары бұған келушілер қатары көбейіп келеді. Екі тілде оқытамыз, – деді Есжан Әміров.

Ол екі пәнді біріктіруге қатысты тиісті министрлікке, Премьер-Министрге хат жазғанын айтты.

– Бір мұғалім бір сабақ аясындағы ас дайындау, метал мен ағашпен жұмыс істеу, кескіндеме және басқа да бағыттарды меңгертіп шыға алмайды. Барлығыңыз мектепте істейсіздер, пәннің сағаты аз екенін білесіздер. Біздің қоғамға жұмысшы мамандықтар аса қажет. Технология еңбекке баулиды. Сондықтан, ол керек.



Біз бұл қолдаудың нәтижесін де көріп отырмыз. Қазір бастауыш сыныптарды екі бөліп оқытып жатыр. Орта білім де сен-

дай қолдауға ие болады деп сенеміз. Бұл мамандықтың болашағы зор, – деді Есжан Әміров.

Көркем еңбек пәнінен мұғалімі Жаңагүл Смағұлова Шет ауданынан келген.

– Ақуе негізгі орта мектебінен келдік.

Ұстаздар шараның облыстық деңгейде өткеніне қуанышты.

– Бұған дейін байқау қалалық деңгейде болатын. Біздің дәрежеміз – зерттеуші. Оған облыстық және республикалық деңгейдегі жетістіктер керек. Байқау деңгейінің өсуі оның маңыздылығын білдіреді, – дейді С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің көркем еңбек пәні мұғалімі Тілеужан Жақұпов. Ұстаздың оқушысы байқаудың «Ағаш өңдеу» бағытына қатысты.

Оқушылардың талабы мен талантын қазылар алқасы бағалады. Қазылар алқасының мүшесі, колледждің кесіндеме және композиция пәні мұғалімі Дәулет Ізбасаров шығарма оқушының өз туындысы болуы басты шарт екенін атайды.

– Байқаудың тақырыбы – көктем. Мен «Кесіндеме» бағыты бойынша жауаптымын. Мұнда балаларға қойылар басты талап – көктем атмосферасын бере білу. Басқа біреудің шығармасын қайталамауы керек, оқушылар өз ойындағысын жеткізуі тиіс. Олар осында отырып, берілген 4 сағат ішінде жұмыстарын ұсынды. Қазылар алқасында басқа оқушыларының, облыстық білім басқармасының өкілдері бар, – деді ол.

Түстен кейін байқау қорытындысы жарияланды. Әр бағыт бойынша үш жеңімпаздан анықталды. Олар арнайы дипломдармен марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ


Жамбыл театры келе жатыр

Қарағанды жұртшылығын қойылымдарымен қуантауға үш күндік гастрольмен Тараздан Жамбыл облыстық орыс драма театры келе жатыр. Қонақтар К.Станиславский атындағы театр сахнасында өнер көрсетпек.

Жамбыл театры 1967 жылы құрылған. 57 жылдан бері театр әртістері көрерменін түрлі жанрдағы қойылым және шығармашылық жетістіктерімен қуантап келеді. Ұжым бірнеше рет театр фестивалдері мен байқауларының жеңімпазы атанған.

Қарағандылықтар Үш кешкі спектакль және бір балалар қойылымы қарағандылықтар назарына ұсынылды.

– Соңғы рет Қарағандыда 2022 жылы болды. Көрерменге күнделікті қиындықтардан үзіліс беру үшін комедиялар әкелуді ұйғардық. Сонымен бірге, барлық қойылым терең, өмір туралы ойлануға жетелейді. Қарағандылық көрермен – ерекше. Өте білімді, қойылымды терең түсінеді. Сондықтан, гастрольге арналған спектакльдер мұқият таңдалды, – дейді Жамбыл театры директорының орынбасары Валерия Сон.



Сурет ашық әрекеттен

17 сәуірде көрермендер испан драматургі Алехандро Касонаның пьесасы бойынша «Жабайы» («Дикар») лирикалық комедиясын көре алады. Бұл – өз әдет-ғұрыптарына қарама-қайшы екі жастың махаббаты туралы өзекті оқиға.

Ал, Сергей Антоновтың «Васька» комедиясы 18 сәуірде жоспарланған. Қоюшы-режиссеры – ҚР Мәдениет үздігі Галина Соколова. Спектакль әртүрлі әлем тұрғындары туралы. Адамдар, жануарлар және басқа әлем күштері. Спектакль күлкілі әрі әсерлі. Ерекшелігі ондағы жануарлар мен рухтар сөйлейді және сөзді түсінеді. Қойылымға 18+ жас шектеуі бар.



Сурет ашық әрекеттен

Көрермендер 19 сәуірде өтетін «Шуники» спектакліне қызығушылық танытуда. Бұл – «ГИТИС: шетелдегі орыс театр мектебі» Халықаралық шығармашылық жобасының туындысы. Пьеса «Цирк, стенд-ап және күлдіргі көз жасы» деп аталатын ерекше жанрларда бейнеленген. Спектакль ақша билеген қоғам туралы баяндайды.

Кешкі қойылымдар – 19:00-де. Барлығы орыс тілінде.

Жас көрермендер үшін әртістер «Мың бір түн» хикаяларына негізделген «Аладдиннің сиқырлы шамы» жаңа шығыс ертегісін сахналайды.

Балалар спектакльді қазақ тілінде – 19 сәуір күні сағат 10:00-де, орыс тілінде – 17 сәуірде – сағат 10:00-де, 12:00-де, 18 сәуірде – 10:00, 12:00, 14:00, 19 сәуір – сағат 12:00-де тамашалай алады.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӨБІЛДА

Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 42 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ